



Маңғыстау облысының 2001-2005 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспары туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының шешімі 2000 жылғы 23 қарашадағы N 8/64 Маңғыстау облыстық Әділет басқармасында 2000 жылғы 6 желтоқсанда N 314 тіркелді

Облыстық мәслихат шешім етті:

1. Маңғыстау облысының 2001-2005 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспары бекітілсін (жалғанды).
2. Индикативтік жоспардың белгіленген көрсеткіштеріне жетудің қажетті шараларын алу облыс, қала және аудан әкімдеріне, кәсіпорындар мен ұйымдар басшыларына ұсынылсын.

Сессия төрағасы

Облыстық мәслихаттың
хатшысы

Маңғыстау облыстық мәслихатының шешімімен
2000 жылғы 23 қарашадағы N 8/64

Бекітілген

Облыстық мәслихат хатшысы

Облыс әкімі

Келісілді:

Экономика министрлігі
Қаржы министрлігі
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Білім және ғылым министрлігі
Энергетика, индустрия және сауда министрлігі
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау істері
жөніндегі Агенттігі

Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының

2001-2005 жылдарға арналған

Индикативтік жоспары

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

1995-2000 ЖЫЛДАРҒА ТАЛДАУ

Тұрғындар, жұмыспен қамту және еңбек ресурстарының дамуы

1995-1997 жылдары тұрғындардың саны 326,3-тен 343,5 мың адамға көбейгені байқалды, ол негізінен табиғи өсімнің ықпалынан болды.

1998 жылдан бастап бала туудың төмендеуі мен тұрғындардың Ресей Федерациясына, Украинаға, Белоруське және алыс шетелдерге қоныс аударуы есебінен халық санының кемігені көрініс берді. Көші-қонның теріс сальdosы соңғы жылдары арта түсті. Егер 1998 жылы ол 808 адам болса, ол 1999 жылы - 1650 адам құрады. 1999 жылы тұрғындардың орташа жылдық саны 317,2 мың адам, соның ішінде қала тұрғындары - 249,1 мың адам, ауыл тұрғындары - 68,1 мың адам құрады.

Зейнетақы алатындар саны 36,9 мың адам, соның ішінде 13,3 мың адам мемлекеттік жәрдемақы алушылар болды. Арнаулы мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар 20,0 мыңнан астам адамға, балалар және тұрғын үй жәрдемақысын алушылар 22,1 мың адамға жетті.

Еңбек ресурстарының дамуы тұрғындар санымен өзара тығыз байланыста болып отыр. Еңбек ресурстары 1995 жылдағы 186,8 мың адамнан 1999 жылы 175,7 мың адамға, экономикалық белсенді тұрғындар 154,7 мың адамнан 148,9 мың адамға дейін азайған. Орта есеппен 1999 жылда еңбек ресурстары санының 84,7% экономикалық белсенді тұрғындар, 15,2 процентін (26,8 мың адам) экономикалық белсенді емес тұрғындар құрады. 1999 жылы экономикалық белсенді тұрғындардан (148,9 мың адам) экономика саласында жұмыспен қамтылғандар саны 86,8 процент (129,2 мың адам) құрады.

Жұмыспен қамтылғандардың ең көп үлес салмағы өнеркәсіпте - 33,0 проценттен, көлік пен байланыста - 13,3 проценттен, білім саласында - 11,8 проценттен келеді.

Жұмыссыздар саны күрт артып кетті. Жұмыссыздардың деңгейі 1995 жылы 1,7 проценттен 1999 жылы 11,9 процентке дейін көбейді, бұл орташа респубикалық деңгейден 3,5 есе жоғары. Жұмыссыздар саны 1999 жылы 19,7 мың адам құраған болса, 2000 жылы (шамамен) 21,8 мың адам құрамақ.

2000 жылы облыста кедейшілік пен жұмыссыздыққа қарсы құрес жөнінде

Аймақтық Бағдарлама әзірленіп бекітілді. Онда жаңа жұмыс орнын ашу және ақы төлейтін қофамдық жұмыстардың көлемін ұлғайту есебінен жұмыссыздық деңгейін азайту көзделген.

Әлеуметтік сала

Білім саласы. 1995-1999 жылдар ішінде мектепке дейінгі балалар мекемелерінің саны 89 бірлікке қысқарып, 35 бірлікті құрады, орта білім беру үйімдарының саны 2 бірлікке азайып, 96 бірлік құрады (соның ішінде күндізгі мектептер - 89, арнаулы мектептер - 4, кешкі мектептер - 3). Жеке мектептер саны 4-тен 10-ға дейін көбейді.

1995 жылы жұмыс істеп тұрған 7 кәсіптік-техникалық училищелердің 5-і кәсіптік мектептерге, 2-і арнаулы орта оқу орындары болып қайта құрылып, оқушылар саны 3,3 мың адамнан 2,1 мың адамға дейін азайды.

Арнаулы орта білім беру мемлекеттік мекемелер жүйесінде қазіргі күні 3,49 мың оқушы бар 6 колледж бар.

Бұдан басқа, орта кәсіптік білім берудің 5 мемлекеттік емес оқу орны колледждер бар, оларда 1,7 мың оқушы оқиды.

1996 жылдан бері бір дербес жоғары оқу орны жұмыс істеген болса, 1999 жылдан бастап 1 жеке жоғары оқу орны әрекет ете бастады.

Бұдан басқа қазіргі күні облыста мемлекеттік жоғары оқу орындарының 4 филиалы және мемлекеттік емес жоғары оқу орындарының 13 филиалы жұмыс істейді.

Облыстың жоғары оқу орындарында оқытындардың саны 9,5 мың адам құрады.

2000 жылы мектепке дейінгі балалар мекемелерінің жүйесін одан әрі қысқаруы байқалды, тек 2000 жылдың 6 айының ішінде 6 мектепке дейінгі балалар мекемесі жабылып, балалар саны 1,2 мың адамға кеміді, қазіргі күнге 5,0 мың бала саны бар 29 мемлекеттік қазынашылық балалар бақшалары жұмыс істейді.

Жаңа оқу жылдарының қарсаңында қосымша 6 күндізгі және бір кешкі мектеп ашылып, оқушылар саны 81,8 мыңға дейін көбейді.

Денсаулық сақтау. 1995-1999 жылдар ішінде денсаулық сақтау саласы едәуір өзгерістерге үшіндерді. Емдеу-сауықтыру мекемелері жүйелерін қайта үйімдастыру және онтайландыра орналастыру және пайдалану жөніндегі жұмыстар жүргізілді. Төсектік - орын қорын ұтымды пайдалану мақсатында төсек-орын саны 1996 жылғы 4440-тан 1999 жылы 3200-ге дейін қысқартылды.

Жалақысының төмендігіне байланысты соңғы жылдары денсаулық сақтау саласынан жоғары білікті мамандардың кетуі күрт өсіп кетті.

1999 жылдың басынан бері дәрігердің жалпы практикалық принципі бойынша алғашқы медициналық жәрдемді үйімдастыруды әзірлеу жұмысы басталды, мемлекеттік медициналық мекемелер мен мемлекеттік қазынашылық кәсіпорындардың (МҚК) құрылымдары айқындалып белгіленді. Селолық дәрігерлік амбулаториялар "Отбасылық дәрігерлік амбулаториялары" (ОДА) МҚК-ны болып қайта құрылды.

Қазіргі күнге облыста мемлекеттік қазынашылық кәсіпорны болып табылатын 13 дербес отбасылық дәрігерлік амбулатория мен мемлекеттік тапсырыс бойынша жұмыс істейтін 2 жеке ОДА бар.

Аурухана ұйымдарының саны 29 құрап, олардың 9-ы мемлекеттік мекеме, 17-і мемлекеттік қазынашылық кәсіпорны, 2-і ведомстволық және 1-і жеке "Медицина" ЖШС болып табылады. Дербес емханалар саны 30 бірлікті құрайды, соның ішінде: 25-і қазынашылық кәсіпорын, 5-і жеке амбулаториялық-емханалық ұйымдар мен отбасылық дәрігерлік амбулаториялар.

1999 жылдың аяғына амбулаториялық мекемелердің ауысымына болу қуаты 8,0 мың, ауруханалық мекемелерде - 3,2 мың төсектік - орын құрады. Облыс тұрғындарының ауруханалық төсектік - орынмен қамтылуы 10 мың тұрғынға шаққанда 1995 жылғы 108,1-ден 1999 жылды 91,8-ге дейін төмендеді.

Басқа да әлеуметтік қызмет көрсетулер.

1995-1999 жылдар ішінде мәдениет ұйымдарының оңтайландырылуы мен мемлекет иелігінен алғынуына байланысты, әсіресе ауылдық жерлерде мәдениет саласында үлкен өзгерістер болды. Клуб мекемелерінің саны 69-дан 21-ге дейін, кітапханалар 83-тен 44-ке дейін, кинотеатрлар мен киноқондырығылар - 55-тен 11-ге дейін азайды.

Қазіргі күнге 1996 жылды жұмыс істеп тұрған 28 автоклубтың тек біреуі ғана әрекет үстінде.

2000 жылды 6 мұражайлық мекемесі, 22 клуб мекемесі, 44 кітапхана, 6 мұражай, қуыршақ театры мен филармония, 11 киноқондырығы және көрме залы жұмыс істейді. Бұдан басқа, 16 халықтық ұжымы жұмыс істейді.

Спорт саласында 9 дene мәдениеттілік спорт, бірлестіктері мен қоғамдары, 3 әуесқойлар клубы, спорттың әр түрі бойынша 18 федерация жұмыс істейді. Жеке спорттық ғимараттары саны көбейді, олардың қатарында Жаңаөзен қаласындағы стадионды, Ақтау қаласындағы 2 теннистік корты, 2 спорт залы (жаттығу үшін спортзалы болып қайта жабдықталған), Ақтау қаласындағы бір жабық бассейн бар.

Тұрғындардың тұрмыс деңгейі. Халықтың жан басына шаққандағы ақшалай табыс көлемі 1996 жылғы 34946 теңгеден 1999 жылды 49513 теңгеге дейін өсті (103,5 процент). Жан басының орташа ақшалай шығысы да 1999 жылды 35103 теңгеден 49338 теңгеге дейін өсті (140,5 процент), мұның езі құнсыздандының өсуімен, тауар мен көрсетілетін қызмет бағаларының артуымен түсіндіріледі. Тұтас алғанда соңғы жылдары халықтың тұрмыс деңгейі мен сапасы төмендеп, жұмыссыздар саны көбейді.

Еңбекке ақы төлеу-ақша түсірілімдерінің негізгі көздері болып қалуда. Маңыздылығы бойынша келесі бір ақша түсірілімдері қалалықтарда-әлеуметтік трансфертер, ауыл тұрғындарында сатудан тапқан табыстары болып отыр.

Халықтың жан басының орташа ақшалай табысы 2000 жылды 48669 теңге құрайды, бұл орташа республикалық көрсеткіштен 2,2 есе жоғары, халықтың жан басына шаққандағы шығыстары 47696 теңгені құрайды (бұл - орташа республикалық

көрсеткіштен 2,2 есе жоғары).

Экономикалық қызметтің барлық түрлерінде жұмыс істейтіндердің орташа айлық нақты жалақысы 1995 жылғы 9981 теңгеден 1999 жылда 18938 теңгеге дейін өсті (1,9 есе).

Нарықтық қатынастарға көшу, табыс деңгейі бойынша тұрғындардың едәуір жіктелуіне әкеліп соқты. 1999 жылды 28,6 мыңдан астам адамның табысы ең төменгі құнкөріс деңгейінен төмен болды.

Атаулы әлеуметтік жәрдем - 275,7 мың теңге сомасында төленді.

Ең төменгі құнкөріс деңгейінің шамасы 2000 жылдың бірінші жарты жылдығында 5153 теңге құрады, бұл - орташа республикалық деңгейден 23,0 процент жоғары.

Облыстың шалғайдағы аудандарының бірі - Бейнеу ауданы экономикасы тоқыраған аудандардың тізбесіне кіргізілді. Дайындалған іс-шараларға сәйкес балалы отбасыларына жәрдемеңдегі төлеу бойынша кредиторлық берешекті азайту жөнінде көптеген жұмыстар жүргізілді.

Бюджеттік мекемелердің жалақысы бойынша берешектері жоқ. Ауданда бюджеттік мекемелер, сондай-ақ тұрғын секторындағы 712 объекті дербес өзін-өзі жылыштуға көшірілді.

Төрт отбасылық амбулатория үшін (Бейнеу, Боранқұл, Ақжігіт, Жангелдин поселкелері) арнайы медициналық көліктің 4 бірлігі, шалғайдағы елді мекендерді ауыз суымен қамтамасыз ету үшін су таситын автокөліктің 5 бірлігі бөлінді. Магистралдық газ құбыры арқылы Төлеп селосының тұрғындарын газдандыру жөніндегі жұмыстары аяқталды.

Облысты дамытудың басымдықтары.

Аймақ экономикасының негізін мұнайгаз және химия кешенінің, өндеп ұқсату өнеркәсібінің кәсіпорындары мен бұқіл аймақты энергия мен судың барлық түрімен қамтамасыз етіп тұрған республикадағы бірден-бір бірегей Маңғышлак энергокомбинаты, сондай-ақ халықаралық Ақтау теңіз порты құрайды.

Экономикалық нақтылы секторын дамытудың негізгі басымдығы облыс экономикасының мұнайгаз, химия, энергетика салаларындағы өнім шығару көлемін ұлғайту болып табылады.

Осы салалардағы өндірістің өсуі облыстың сервистік кәсіпорындары қызметі қарқынын үдетуге, тұрғындардың экономикалық белсенді тобын жұмыспен барынша толық қамтуға, олардың әл-ауқатын жақсартуға ықпалды жәрдемдесуге мүмкіндік береді.

Өнеркәсіптің дамуы.

Республиканың жалпы қосылған құндағы аймақтың үлесі 3,4 процентін құрайды. 72,6 млрд. теңге облыстың жалпы қосымша құнының жалпы көлемінде - өнеркәсіп 53,3 процент (38,7 млрд.теңге), ауыл шаруашылығы - 0,5 процент (0,4 млрд.теңге), құрылыш - 6,5 процент (4,7 млрд.теңге), көлік пен байланыс - 14,5 процент (10,5 млрд.теңге),

сауда - 4,3 процент (3,1 млрд.тенге), басқалары - 20,9 процент (15,2 млрд.тенге) құрайды.

1995 жылдан бастап өнеркәсіп өндірісі көлемінің төмендеуі байқалды.

1996 жылы мұнай өндіру көлемі 8165,1 мың тонна (1995 жылғы деңгейдің 98,0 процент), 1998 жылы - 7035 мың тонна құрады, бұл - 1997 жылдағыдан 16,7 процентке кем деген сөз, 1998 жылы осының алдындағы 1997 жылмен салыстырғанда нақтылы көлемінің индексі 77,4 процент құрады. Құнсыздандының арта түскені байқалды. 1999 жылы өнеркәсіптің өсуіне қолайлы бағыттар қалыптасты. Экономиканың барлық саласында тұрақтылық пен негізгі көрсеткіштердің өсуіне қол жеткізілді, химия өнеркәсібінің салаларынан өнеркәсіптің барлық саласындағы өндірістің құлдырауы тоқтатылды. Статистикалық органдардың нақтыланған мәліметтері бойынша 1999 жылы облыс бойынша 103,7 млрд.тенге сомасында өнеркәсіп өнімдері өндірілді немесе 1998 жылға 123 процент болды. 1999 жылы өнеркәсіп өнімдерінің жалпы көлеміндегі тау-кен өндіру саласының меншікті үлесі 90,2 процент, өндеп - үқсату саласының меншікті үлесі 9,8 процент құрады.

1999 жылы мұнай өндіру көлемі 1998 жылғы деңгейге 115,4 процент құрады, 8,12 млн. тонна мұнай өндірілді, бұл - 1998 жылғы деңгейден 1,1 млн.тонна көп. Елімізге белгілі "Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ, "Өзенмұнайгаз" ААҚ, "Қаражанбасмұнай" ААҚ сияқты ірі мұнай өндіру кәсіпорындарымен қатар, мұнай көлемін ұлғайтуға Маңғыстау облысында мұнай барлауға және өндіруге 90 жылдардың орта тұсында құқық алған шет ел фирмалары - кәсіпорындары да маңызды роль атқарды. Олардың қатарына "Арман" БК, "Қазақтүрікмұнай" БК, "Қазполмұнай" БК, "Қарақұдықмұнай" ЖАҚ, "Тексако Норд Бузачи инк", "Партекс (Қазақстан) Корпорейшн" және Оффшор Қазақстан интернешнл Опрейшн Компани (ОКИОК) бар.

Ағымдағы 2000 жылы барлық мұнай өндіру кәсіпорындары өнім өндіру көлемін ұлғайтуды жоспарлауда және болжам бойынша 1999 жылғы деңгейден 11,1 проценттен асып түсетін болады. Өнім өндіру көлемін ұлғайтуды мұнайшылар Доңға жаңа кен орын пайдалануға беру, жұмыс үстіндегі Қаламқас, Өзен, Қаражанбас кен орындарында жаңа ұнғымаларды іске қосу, әрекеттегі ұнғымалар қорын күрделі жөндеуден өткізу, мұнай өндірудің жаңа әдістерін өндіріске енгізу есебінен қол жеткізу жоспарланып отыр.

Кішігірім барлау газ кен орындарын іске қосып пайдалануға беру іс-шаралары жүзеге асырылуда. 1999 жылы тәулігіне 160 мың текше метр өнім өндіретін шығыс Өзен шағын газ кен орны пайдалануға берілді.

Облыста оларды игеру табиғи газға деген қажеттілікті қамтамасыз етіп, газ өндіру көлемін елеулі түрде ұлғайтуға мүмкіндік беретін ірі газ кен орындары аз емес, алайда оларды дамытуға жеткілікті қарожаттың болмауы кедергі келтіруде.

Облыстың энергияны көп қажет ететін салаларындағы (химиялық кешен, пластмасса зауыты) өндірістің құлдырауына, 1998 жылға 90,6 процент деңгейде электр

энергиясын, газды және суды өндіру мен бөліп үлестірудегі нақтылы қолемінің индексі ықпал етті. 1998 жылы батыс аймақтарға (Батыс Қазақстан және Атырау облыстарына) 80 мегаватт/сағат көлемінде электр энергиясының едәуір бөлігінің берілуі орын алды, ол 1999 жылдың бірінші жарты жылдығында айтартлықтай азайды, екінші жарты жылдығында осы аймақтарда тұтынылған электр энергиясы үшін төлем төлеу проблемасының шешілмеуіне байланысты біржолата тоқтатылды.

Ірі химия кәсіпорны "Ақтал ЛТД" ЖШС химия кешенінде 1999 жылы кір жуатын құралдар өндіру үшін жартылай фабрикат-натрий три полифосфаты жаңа өнімі шығарыла бастады. 1999 жылдың ішінде 6,8 мың тонна натрий триполифосфаты, 1,8 мың тонна минералдық тыңайтқыштар, 31,5 мың тонна күкірт қышқылы шығарылды. Қазіргі кезде натрий триполифосфатының жаңа өнімін алу үшін технологияны жетілдіру жөніндегі жұмыстар жүргізілуде. Тіс пастасын өндіретін "Каскор - Дикфа" ЖАҚ 1999 жылы 3,9 млн.туб. тіс пасталарын (452 тонна) өндіріп, тазартқыш құралдарының жаңа өндірісін игерді. Зауыт өнімдері халықаралық стандартқа сәйкес келеді, осы текстес өнімнен кем түспейді.

Тоқыма және тігін өнеркәсібінің кәсіпорындарында итальян жабдықтарымен және олардың технологиясы бойынша аяқ киім және тігін бұйымдары шығарылады, бұйымдар Қазақстан Республикасының барлық әлуettі құрылымдарына, шетелдік және қазақстандық мұнай, құрылым және басқа компанияларына сатып өткізіледі, ал тігін бұйымдары өрт жағдайындағы жұмыстарға арналған.

Ауыл шаруашылығының дамуы. Облыс экономикасының агроенеркәсіп секторы тек қана жайылымдық мал шаруашылығымен көрініс береді. Бұл - Қазақстандағы астық шаруашылығы жоқ бірден-бір облыс, ал мал шаруашылығы - қой, жылқы және түйе өсіруге негізделген.

Егістік бар болғаны 0,7 мың гектар жерді алғып жатыр және ол көкөніс - бақша дақылдарын өсіру үшін пайдаланылады.

1995 жылдың аяғына қарай 1997 жылы жекешелендірілген Маңғыстау тәжірибе селолық станциясынан басқа, ауылдық жерлерде мемлекеттік меншікті реформалау іс жүзінде аяқталды.

1998 жылы қой мен ешкі саны 300,9 мың басқа дейін (1995 жылға 56,8 процент) жылқы саны 25,4 мың басқа дейін (1995 жылға 58,9 процент), түйе саны 24,4 мың басқа дейін (1995 жылға 79,7 процент) азайды.

1999 жылы ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру өткен жылмен салыстырғанда ет өндіру 1,9 процент, сүт өндіру 8,5 процентке артты.

Жалпы өнім 1998 жылмен салыстырғанда 2,9 процентке өсті. Қаракөл тұқымдас қойларды асылтұқымдық тәсілмен өсіру бойынша селекциялық және асыл тұқымды жылқыларды өсіруді одан әрі дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

1998-1999 жылдары ауыл шаруашылығында жүргізілген қайта құрулар нәтижесінде облыста мал басының саны мен ауыл шаруашылық өнімдерін өндірудің тұрақтылық

бағыттары байқалуда. Соңғы екі жылдың ішінде малдан төл алу орнықты болып қалуда, бұл мал басының санын да тұрақтандыруға мүмкіндік берді. 2000 жылдың 1-қантарындағы жағдай бойынша негізгі түрдегі мал басының саны 1999 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда: қой мен ешкі - 301,3 мың бас, жылқы - 25,5 мың бас, түйе - 25,3 мың бас құрады.

Инфрақұрылымды дамыту.

Облыста өндірістік инфрақұрылымның біршама дамыған жүйесі бар.

Талдау жасалған кезең ішінде жалғасып келген жүк тасымалдаудың төмендеу бағыты 1999 жылы өзгерді. Көліктің барлық түрлері бойынша 1998 жылғы деңгейден жүк тасымалдау мен жүк айналымы ұлғая түсті. Бұған экономика салаларындағы жандану елеулі түрде ықпал етті.

Соған қарамастан әсіресе автобуспен халыққа жолаушы тасымалдау қызметін көрсету нашарлап кетті. Облыстың ауылдық елді мекендерінің 37 проценті автобус қатынастарымен қамтылған. Нарықтық қатынастарға көшуге байланысты дағдарыстық құбылыстар, көліктік қызмет көрсету сапасына, автокөлік кәсіпорындарын материалдық-техникалық жағынан қызмет көрсетілуін нашарлатуға теріс әсерін тигізді.

Ақтау теңіз портына жүргізілген қайта жаңарту және кеңейту есебінен порттың айлағы арқылы жүк аудару ұлғайды. Мәселен, 1995 жылмен салыстырғанда 1999 жылы мұнай аудару 14,5 есе, құрғақ жүктөрді ұлғірту 28,4 процентке көбейді. Порттың қуатын арттыру есебінен алдағы уақытта да мұнай аударымы мен Құрғақ жүкті ұлғірту көлемін өсіру бағыты күтілуде.

Телекоммуникация саласында да өндірісті одан әрі дамыту мен жетілдіру жүргізілді. 1997 жылы Алматы қаласына 60 қалааралық спутниктік байланыс арналары пайдалануға берілді. Ауылдық жерлерде ДАМА жүйесі бойынша спутниктік байланыс енгізілуде. Отken жылы Форт-Шевченко қаласы мен Шетпе, Бейнеу поселкелерінде 3 станция орнатылды және тәжірибелік пайдалануға берілді.

Бұл жұмыс 2000 жылы да жалғасатын болады.

Облыстың жалпы пайдаланылатын автомобиль жолдарының жүйесі 2547 км құрайды, соның 889 км респубикалық, 1658 км жергілікті маңыздығы жолдар.

2000 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша респубикалық автожол жүйесіндегі жолдар төселеу түрі бойынша мынадай: асфальтты-бетонды және қарамен төсегені - 466 км, қиыршық таспен төсегені - 341 км, топырақпен төсегені - 82 км құрайды. Автомобиль жолдарының техникалық жағдайы жыл сайын қаржыландырумен жеткіліксіз қамтамасыз етілуіне байланысты жыл өткен сайын нашарлауда.

Шағын бизнес. 1997-1999 жылдар ішіндегі шағын кәсіпкерліктің дамуына жасалған талдау, шағын кәсіпкерлік субъектілері жалпы санының 53,3 процентке көбейгенін, меншіктің жеке нысаны 6978 шаруашылық субъектілері құраганын, шұғылданушылар санының 15 процентке артқанын көрсетіп отыр.

Инвестициялық сала. 1995 жылдан бастап көптеген кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі экономикалық жағдайдың тұрақсыздығына байланысты елеулі түрде төменедеді. 1995-1999 жылдар аралығындағы кезеңі ішінде 1998 жылы 16,6 млрд. теңге көлеміндегі инвестиацияның едәуір мөлшері игерілді. 1999 жылы инвестиацияның көлемі 11,5 млрд. теңге құрады, бұл - салыстырмалы бағамен алғанда 1998 жылғы деңгейден 29,7 процентке төмен. Қаралып отырған кезең ішінде қаражат негізінен экономиканың басымдық секторы мұнай өндіру саласына бағытталды (барлық инвестиациялардың 70 проценттен астамы.)

Қаралып отырған кезең ішінде 35,3 млрд. теңге сомасында негізгі қорлар, оның 32,0 млрд. теңгесі өндірістік салада, соның ішінде тау-кен өндіру өнеркәсібі объектілерінде - 65 проценттен астамы, көлік пен байланыс саласында - 20 процентке жуығы қатарға қосылды. Осы кезең ішінде "Жетібай кенорның жайғастырылуын кеңейту" 2 кезеңі, қуаты - жылына 229 мың тонна мұнай, "Қаламқас кенорның өндірістік жайғастыру" сияқты "Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ объектілері пайдалануға берілді.

2001-2005 жылдар келешегі

Тұрғындар, жұмыспен қамту және еңбек ресурстарының дамуы.

2001-2005 жылдардағы демографиялық жағдай табиғи өсім мен жергілікті ұлттың алыс және жақын шетелдерден отанына қайта оралуы есебінен тұрғындар санының көбеюімен сипатталатын болады. Бала туу деңгейіне бала туудың мейлінше жоғары көрсеткішіне ие жергілікті халық үлесінің көбеюі елеулі түрде ықпалын тигізетін болады. Облыстың сыртқы көші-қонында теріс сальдо басымырақ болады, республикалық ішкі көші-қонда сальдо оң көрсеткішке ие болады.

2001-2005 жылдардағы келешекте тұрғандарды жұмыспен қамту саясаты еңбек рыногында өткірлікті бәсендегі межелейді. Жұмыс орындарын құру мұнай-газ, химия өнеркәсібінде, шағын кәсіпкерлікте, соның ішінде шетелдік жұмыс берушілермен қамтамасыз етілетін болады.

Шағын кәсіпорындарында жұмыс істейтіндерді есепке алғанда, экономикалық қызметтің барлық түрі бойынша жұмыспен қамтылғандар саны 2005 жылда 98,2 мың адамға дейін немесе 2000 жылмен салыстырғанда 14,5 процентке көбейеді. Халықтың экономиканың жұмыспен қамтылған құрылымындағы өз бетімен жұмыс істеушілердің саны 2000 жылдағы 44,0 мың адамнан 2005 жылы 50,5 мың адамға дейін өседі.

Жұмыссыздыққа қарсы курес жөніндегі аймақтық бағдарламаның іске асырылуы, жұмыспен қамту саясаты 2005 жылға дейін жұмыссыздар санын 53,2 процентке немесе 10,2 мың адамға дейін кезең-кезеңмен азайтуды көзделеп отыр. Жұмыссыздар деңгейі тиісінше 6,4 процентке дейін кемітін болады.

Жалдамалы немесе өз бетімен жұмыс істейтін қызметкерлер мен тұрғындардың өз бетімен жұмыспен қамтылуы санының өсуінің нәтижесінде экономикада жұмыспен қамтылғандардың жалпы саны 2000 жылғы 130,1 мың адамнан 2005 жылы 149,1 мың адамға дейін (14,6 процент) көбейеді.

Экономика саласында жұмыспен қамтылғандардың өсүі мен жұмыссыздар санының азауы, экономикалық белсенді тұрғындардың көбеюіне әкеледі, ол 2005 жылы 159,3 мың адамға дейін (2000 ж. 104,9 процент) және еңбек ресурстары 187,8 мың адамға дейін (2000 ж. 105,3 процент) көбейеді.

Зейнетақы алушылар саны 2005 жылы 38,0 мың адамға дейін, соның ішінде мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар саны - 15,1 мың адамға, арнаулы мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар - 22,2 мың адамға, балалар және тұрғын үй жәрдем ақыларын алушылар - 26,2 мың адамға дейін көбейетін болады.

Білім. Жеке ұйымдарды ашуудың есебінен мектепке дейінгі балалар ұйымдары жүйесін көбейту жоспарлануда, сондай-ақ жұмыс үстіндегі 29 қазынашылық кәсіпорындарды сақтап қалу көзделуде. Мектепке дейінгі міндетті дайындықтың енгізілуіне байланысты, оларда балалар санын өсіру белгіленіп отыр, бұл - ғимараттың қуатын мейлінше ұтымды әрі тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Соңғы кездері туберкулез ауруының өсіп бара жатқанын ескере отырып, 2004 жылы санаториялық балалар бақшасын және аудандардағы жұмыс үстіндегі МБМ арнаулы топ ашу көзделуде.

Үкіметтің "Білімді ұйымдастыру жүйесінің кепілдемелік нормативті туралы" қаулысын орындау және мектеп жасындағы балаларды біліммен толық қамтуды қамтамасыз ету мақсатында, тұрғыны аз мекендерде мектеп ашу көздестіріліп отыр. Тұтас алғанда 2001-2005 жылдар аралығында 7 жалпы білім беру мектебі және туберкулез ауруымен сырқаттанған балалар үшін бір санаториялық мектеп ашу жоспарлануда. 2005 жылы орта жалпы білім беру ұйымдарының саны 110 бірлікті құрайды. Болжам бойынша оқушылар саны 2001 жылдағы 83,5 мың адамнан 2005 жылы 91,9 мың адамға дейін арта түседі.

Жаңа ұлгідегі мектептер жүйесі (гимназия, лицей, лицейлік және гимназиялық сыйыптары бар мектептер) пәндерді терендете оқытатын және бейіндік - бағдарлы мектептер дами түсетін болады. Ауылдық жерлердегі білім беру қызметінің сапасын арттыру мақсатында оларды өсіру ауылдарда да жүзеге асырылады.

Жұмыс үстіндегі кәсіптік мемлекеттік орта орны - 6 колледжді сақтап қалу көзделуде, оларға оқушылар қабылдау, экономика салаларына кадрлар дайындауға деген өсіп отырған сұранысты ескере отырып, гранттар мен мемлекеттік несиeler негізінде жүзеге асырылатын болады.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарымен қатар, жалпы орта және орта кәсіптік білім беретін мемлекеттік емес ұйымдарда одан әрі дамитын болады.

Білім берудің жаңа обьектілерін іске қосу және оларды ұстау қалалық және аудандық бюджеттердің қаражаты мен демеушілердің қаражатын тарту есебінен іске асырылатын болады.

Денсаулық сақтау. 2001 жылы, мамандандырылған емдеу сауықтыру мекемесінің құрамынан дербес наркодиспансерді бөліп шығару есебінен мемлекеттік аурухана

мекемелерін бір бірлікке көбейту көзделуде. Осыған сәйкес аурухананың жалпы саны 2001 жылы 30-ға дейін көбейеді. Бұдан әрі қарай 2005 жылға дейін аурухана мекемелері бойынша өзгерістер жоспарланбайды.

2001 жылы Жаңаөзен қаласындағы қалалық емхананы ересектер және балалар емханалары етіп бөліп ажырату жоспарлануда. Осыған орай мемлекеттік емханалар саны 1 бірлікке артып, 2001 жылы 26 бірлікті құрайды. Амбулаториялық-емханалық ұйымдардың жалпы саны отбасылық дәрігерлік амбулаториялар мен жеке ұйымдардың ашылуы есебінен көбейіп, 2005 жылы 34 бірлікті құрайтын болады.

Бұдан басқа жеткілікті турде қаржыландырылған және кепілді медициналық көмек көлемі көбейтілген жағдайда, дәрігерлер мен орта буын медицина қызметкерлерінің санын бірте-бірте олардың санын 2000 жылы 3,8 мың адамнан 2005 жылы 4,0 мың адамға дейін көбейту жоспарлануда.

Басқа да әлеуметтік қызметтер.

12 кітапхананы, 10 клуб мекемелерін, 3 автоклубты, 2 кинотеатрды, 3 киноқондырғы мен драма театрын қайта қалпына келтіру және ашу жоспарланды.

Мәдениеттің жаңа объектілерін қайта қалпына келтіру және оларды ұстауға арналған қаражат көздері қалалық және аудандық бюджеттерден, қосымша көздерден және демеушілік көмекті таратудан ізdestіrіletіn болады.

Бұдан басқа мемлекеттік мәдениет мекемелерінің көрсететін ақылы қызмет көрсету көлемін ұлғайту, сондай-ақ мемлекеттік емес мәдениет ұйымдарының жүйесін дамыту көзделуде.

Мұражайлардың, театрлардың, концерттік ұйымдардың саны өзгеріссіз қалады.

Тұрғындардың тұрмыс деңгейі. Кедейлік пен жұмыссыздыққа қарсы құрес жөніндегі бағдарламаны орындау жөніндегі жұмыс жалғасын табады. Кедейлік шектен тұрмысы төмен адамдардың саны 32,2 процентке азаятын болады. Жан басына шаққандағы орташа табыстың өсуіне сәйкес кедейлік шектің мөлшері 2000 жылмен салыстырғанда 2005 жылы екі есе артып, 4755 теңгені құрайды.

Атаулы әлеуметтік көмектің орташа мөлшері 2005 жылы 2425 теңгені құрайды немесе 2000 жылмен салыстырғанда 4 есе көбейеді.

Тұрғын үй көмегін 2005 жылы 7,0 мыңға жуық адам алатын болады, оның үстіне көмектің орташа мөлшері 3500 теңге немесе 2000 жылдың деңгейіне 120,7 процент құрайды. Атаулы әлеуметтік көмектен басқа, бюджеттік қаражат есебінен, аймақтық қор қаражатынан, бюджеттен тыс қаражаттан, кәсіпорындар мен ұйымдардың демеушілік жәрдемі мен қайырымдылық акцияларын өткізу есебінен мұжәлсіз азаматтарға қосымша қолдаулар көрсетіletіn болады.

Аймақ экономикасының тұрақтануы мен дамуы, өнеркәсіпте, құрылышта, көлік пен байланыста және басқа да салалардағы өндіріс көлемінің ұлғаюы 2005 жылға орташа айлық жалақыны 35450 теңгеге дейін өсіруді қамтамасыз етеді (2000 жылы 157,3 процент). Тиісінше жалақы қоры 2000 жылмен салыстырғанда 76,6 процентке артады

және 36116,6 млн. теңге құрайды.

Облыстың даму басымдықтары. Облыс экономикасын дамытудың басымдық бағыттары сол бұрынғысынша мұнайгаз өндіру саласы болып қала береді. Алдағы бесжылдықта облыс аумағында Каспий теңізінің қайраңын игеру жөнінде үлкен жұмыстар басталатын болады, осы жобаның алғашқы объектілері - теңіз операцияларының уақытша базасы мен Баутино поселкесіндегі бұрғылау шламын өндейтін зауыт пайдалануға берілді. Бұдан әрі Каспий теңізінің қайраңын игеру жұмыстары жалғасатын болады және мұнай өндіру көлемі ұлғая түспек.

Бұдан басқа, өнеркәсіп саласында тау-кен өндіру, химия және өндеу салаларын дамыту мен импорттың орнын басатын өндірісті дамыту көзделуде.

Өнеркәсіпті дамыту. 2001-2005 жылдардың келешегінде мұнай өндіру көлемі жыл сайын ұлғайып, 2005 жылдың аяғына ол 13,5 млн.тонна құрайтын болады. Оның ұлғаюы жаңа Доңға кен орнын қатарға қосу есебінен күтілмек. Эрекетте тұрган Қаламқас, Өзен, Қаражанбас кенорындарындағы жаңа ұңғымалары іске қосылатын, әрекеттегі ұңғымалар қорына құрделі жөндеудің ауқымды көлемі жүргізілетін мұнай өндірудің жаңа әдістері өндіріске енгізілетін болады.

2005 жылы электр энергиясын өндірудің көлемін мұнай өндіру, өндеп ұқсату саласында өнім өндіру көлемін электр энергиясын батыс аймаққа жіберу, тұрып қалған кәсіпорындарды қатарға қосу және қайта қалпына келтіру есебінен 2000 жылғы деңгейінен 31,1 процентке ұлғайту күтілуде.

Химия өнеркәсібінде 2000-2005 жылдар кезеңінде өндіріс көлемі едәуір ұлғайып және 2005 жылға натрий триполифосфаты бойынша - 16,8 мың тонна, минералдық тыңайтқыштар бойынша - 200,0 мың тонна құрайды.

Тіс пастасын өндіру көлемі 2005 жылға жылына тіс пастасы 467 тоннаға дейін, сабынсу бұйымдары 121 тоннаға дейін көбейетін болады.

Ауыл шаруашылығын дамыту. Облыстың аймақтық ерекшелігіне байланысты 2000-2005 жылдарды ауыл шаруашылық өндірісін дамытудың негізгі күштері аграрлық секторда басталған реформалар мен ауыл шаруашылық құрылымдарын қаржылай сауықтыруға шоғырландырылатын болады.

2005 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 2000 жылға қарағанда 13 процентке артады. Осы кезеңде ет өндіру 11 процентке, жұн - 17 процентке, қаракөл елтірісін өндіру 3 процентке өседі. Өсімдіктер өнімі (көкөніс) және жұмыртқа өндірісі 2000 жылдың деңгейінде қалады.

Инфрақұрылымды дамыту. Каспий теңізі қайраңының қарқынды түрде игерілуіне байланысты Ақтау теңіз порты арқылы жүктерді аудару көлемін арттыру көзделуде. 2005 жылдың аяғына 2000 жылмен салыстырғанда құрғақ жүктерді аудару 48 процентке, мұнайды ұлгірту 31,2 процентке арта түседі.

2001-2005 жылдарда Ақтау әуежайы одан әрі дамитын болады. Келешекте аэропорт ғимаратын салу, ұшу алаңы мен жүк терминалын жаңарту көзделуде.

2005 жылдың аяғына дейін автомобиль көлігі арқылы жүк тасымалы 25,7 процентке, жүк айналымы 20 процентке, жолаушылар тасымалдау 18,2 процентке ұлғаяды деп күтілуде.

Алдағы жылдары "ДАМА" жобасы бойынша спутник байланысын енгізу, АТС-ты сандық арнаға ауыстыру және аудандарда талшықты-оптикалық кабелді төсөу жұмыстары жалғасын табады. 2005 жылда байланыс қызметі көрсетілімінен алынған жалпы табыстар 2000 жылмен салыстырғанда 30,1 процентке көбейеді.

Шағын бизнес. 2001-2005 жылдары шағын бизнестің дамуы балық аулау, теңіз өнімдерін ұқсату, тұрғындарға қызмет көрсету, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру және өндешу салаларында жүретін болады. 2005 жылдың аяғына дейін 8000 жуық жұмыс орны құрылатын болады.

2005 жылы шағын бизнеспен айналысатындар саны 1999 жылмен салыстырғанда 37 процентке, өндіріс көлемі 27 процентке артады.

Инвестициялық сала. 2001-2005 жылдарға жоспарланған кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі, 2000 жылда күтілген деңгеймен салыстырғанда арта түседі. 2005 жылы негізгі капиталға салынатын инвестиция 29,8 млрд.тенге құрайды, бұл - 2000 жылдағы деңгейдің 133,3 процентін құрайды.

Бұрынғысынша едәуір қаражат мұнайгаз саласына бағытталатын болады, олардың жалпы инвестицияның жалпы көлемдегі үлесі 90 проценттен астамын құрайды, соның 82 проценті - шетел инвесторларының қаражаты.

2001-2005 жылдарда ОКИОК консорциумы Баутино, Аташ аудандарында өндірістік базаны кеңейту жөніндегі жұмыстарын жалғастырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдікпен берген 109 млн. АҚШ

доллары көлеміндегі қарыз қаражаты есебінен Өзен кенорнын оңалту жобасын іске асыру жалғасатын болады.

Алдағы кезеңде 548 мұнай және 9 газ ұнғымасын, 1,5 мың км мұнай құбыры мен 17,8 км газ құбыры жүйелерін қатарға қосып, пайдалануға беру көзделуде.

2001-2005 жылдары барлық қаржы көздерінің есебінен 390 мың шаршы метр тұрғын үй, 2328 оқушы орындық 3 мектеп, 130 төсек-орындық перзентхана үйін, жүзу бассейнін, 105 км. электр тарату желісін және 600 км талшықты-оптикалық байланыс жүйесін салу белгіленіп отыр.

Нысан 1 ПР

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2001 жылға арналған индикативтік жоспарының жобасы

Құндық өлшемінде өнеркәсіп өнімдерін өндіру

Маңғыстау облысы

Млн.тенге

1999 жыл 2000 2001

болжам жыл жыл _____

есеп болжам болжам 1 2 3 4

есеп есеп тоқсан тоқсан тоқсан тоқсан

1 2 3 4 5 6 7 8

Өнеркәсіп өнімдері. 103692.5 169383 228207 40000 66007 77000.0 45200

нің (жұмыстар,

қызмет көрсетілісі)

көлемі

өткен кезеңге % 123 119.5 111.3

соның ішінде:

Тау-кен өндіру 93651.3 158455.3 216929 38000 60000 75000 43929

өнеркәсібі

өткен кезеңге % 126.7 121.3 112.5

соның ішінде:

Энергетика үшін 93490.9 158169.9 216734.4 38000 60000 75000 43734.4

материалдар өндіру

өткен кезеңге % 127.3 123.5 112.1

одан:

шикі мұнай мен 88144.8 156407 214800 38500 62000 73000 41300

ілеспелі газ өндіру

өткен кезеңге % 119.8 117.2 114.3

табиғи (жанармай) 1744.6 1861.9 1934.4 430 590 480 434.4

газ өндіру

өткен кезеңге % 91.9 92 95.3

Тау-кен өндіру 160.4 186.4 194.6 42.2 48.4 45.8 58.2

өнеркәсібі

өткен кезеңге % 69.1 100.2 95.8

Тау-кен өндіру 160.4 186.4 194.6 42.2 48.4 45.8 58.2

өнеркәсібінің

басқа да салалары

өткен кезеңге % 69.1 100.2 95.8

Өндеп ұқсату 2474.4 2484 2834 564 780 820 670

өнеркәсібі

өткен кезеңге % 128.5 86.5 104.6

соның ішінде:

ауыл шаруашылығы 155.6 180.5 203.6 45 56.9 55.5 46.2

өнімдерін өндіру

өткен кезеңге % 73.4 100 97.2

одан:

тамақ өнімдерін 155.6 180.5 203.6 45 56.9 55.5 46.2

өндіру

өткен кезеңге % 73.4 100 97.2

Тоқыма және тігін 25.2 28.2 30.4 6.8 8.5 9.1 6

өнеркәсібі

өткен кезеңге % 89.6 96.6 99

Тері, теріден бұйым. 26.1 49.8 52.2 8 15.2 18 11

дар шығару және

аяқ-киім шығару

өткен кезеңге % 74.8 1.2p 96.1

Ағаш және ағаштық 29.8 33.8 35 74 10.3 8.7 8.6

бұйымдар шығару

өткен кезеңге % 111.8 97.8 95.1

Қағаз бен қатырма 131.9 132 135 35 42.3 31.2 26.5

шығару, баспагерлік

іci

өткен кезеңге % 111.9 86.3 93.8

Кок өндіру, мұнай 0.6 0.65 0.7 0.2 0.2 0.2 0.1

айдау, ядролық

материалдарды

өндіру және өндіру

өткен кезеңге % 3.8 94.2 93.3

Мұнай айдау 0.6 0.65 0.7 0.2 0.2 0.2 0.1

өткен кезеңге % 3.8 94.2 93.3

Химия өнеркәсібі 691.7 290.4 424.1 78 120 180.1 46

өткен кезеңге % 1.7p 42 133.9

Резина және 15.1 2.5 3 0.5 0.8 1 0.7

пластмасса бұйым.

дарын шығару

өткен кезеңге % 1.4p 16.5 111

Басқа да металл 173.8 287.9 421.1 80 135.4 120.5 85.2

емес минералдық

өнімдер шығару								
өткен кезеңге %	75	142.3	134.5					
Металлургия	25.6	35.1	38.6	9	11.5	10	8.1	
өнеркәсібі және								
металдарды өндіу								
өткен кезеңге %	63.3	118.2	101					
Машиналар мен	364.2	525	543.3	135	142.4	140.1	125.8	
жабдықтар шығару								
өткен кезеңге %	87.4	124.2	95					
Электр және электр.	829.6	916.4	945.2	200	250	270	225.2	
tronды жабдықтарды								
шығару								
өткен кезеңге %	6.3р	95.2	88.9					
Басқа да өнеркәсіп	5.05	1.6	1.9	0.3	0.5	0.7	0.4	
салалары								
өткен кезеңге %	1.5	32	111.8					
Электр энергиясын,	7654.9	7862.4	8444	2454	1976	1850	2164	
газды және суды								
өндіру және								
үлестіріп бөлу								
өткен кезеңге %	102.6	88.5	98.7					
соның ішінде:								
Электр энергиясын	4393.7	4500	4860	1440	1100	1020	1360	
өндіру және								
үлестіріп бөлу								
өткен кезеңге %	97.2	98.5	100.4					
Газ тәрізді отын	50.7	52	55	14	12	10	19	
өндіру және								
үлестіріп бөлу								
өткен кезеңге %	71.3	86.6	97					
Бумен және ыстық	1419.9	1510.4	1684	600	294	210	580	
сумен жабдықтар								
өткен кезеңге %	110.9	91.7	102.3					
Суды жинау, тазарту	1790.6	1800	1845	400	570	610	265	
және үлестіріп бөлу								
өткен кезеңге %	83.2	87	94					

- 1998-1999 жылдардағы мәлімет-деректер облыстық статистика басқармасы бойынша,

2000-2001 ж.ж. көрсеткіштер, кәсіпорындар, жеке және занды тұлғалар есепке алынып есептелінген.

Нысан 2ПР

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2001 жылға арналған индикативтік жоспарының жобасы

Нактылы өлшемінде өнеркәсіп өнімдерін өндіру Маңғыстау облысы

өлшем 1998 ж. 1999 ж. 2000 ж. 2001 ж. 2000 ж. 2001 ж.
бір. есеп есеп бағалау болжам 1999 2000
лігі жылға жылға
% %

1 2 3 4 5 6 7 8

Тау-кен өндіру							
өнеркәсібі							
Энергетика үшін							
материалдар өндіру							
Мұнай млн.тек	7035	8121.7	9023.7	10316	111.1	114.3	
Табиғи газ (жалпы шығарылымы) млн.тек	1446.7	1337.5	1364.2	1393.5	102	102.1	
Табиғи газ (тауарлы шығарылымы) млн.тек	1317,3	1198	1228.7	1254	102.5	102	
Газ конденсаты	43.5	38.3	65	95.4	169.7	146.8	
мың тонна							
Тау-кен өнеркәсі.							
бінің басқа да							
салалары							
Әктас және ғаныш	0.1	0.1	0.1	100	100		
мың тонна							
Табиғи құм	52.6	12.3	18	21.8	146.3	121.1	
мың тек.т							
Түйіршіктас, малтатас,	1059.4	543.7	562.5	591.3	103.4	105.1	
қиыршықтас немесе							

атылған тас мың м.куб							
Өндөу үқсату							
өнеркәсібі							
Ауыл шаруашылығы							
өнімдерін өндөу							
Өндеп үқсатылған	132	10	10	10	100	100	
сұйық сұт пен қаймақ							
тонна							
Ауыл шаруашылығының							
малдарына арналған							
дайын жем тонна							
Жаңа піскен нан*	2354	1229	17000	19000	*	117	
тонна							
Макарон, лапша және	33	46	49	52	106.5	106.1	
осы текстес бұйымдар							
тонна							
Майонез тонна	47	35	38	40	108.6	105.2	
Сыра мың дал	43.2	48.7	50	55	102.6	110	
Тәттіленбекен және	25.5	28.6	28.8	30	100.4	104.1	
хөшистелмеген,							
минералды газдан.							
дырылған сусындар-/-							
Басқа да алкогольсыз		35.8	36	36.9	100.6	102.5	
сусындар -/-							
Тоқыма және тігін							
өнеркәсібі							
Сырт киім, тоқыма							
бұйымдары, машиналық							
не қол тоқыма бұйым.							
дары мың дана							
Ерлердің жұмыс киімі	13.4	8.2	19.4	20	B2.3p	103.1	
(арнаулы киім, үлгі							
киім) -/-							
Тері өндіру, тері							
бұйымдары, аяқ-киім							
шығару							
Спорт және қорға.	21.7	8.2	18.9	20	2.3p	105.8	
ныстан басқа,							
аяқ-киім мың пар							

Ағашты-талшықты	1.9	5.2	5.2	5.5	100	105.7
тақталар, не басқа						
да ағаштық материал.						
дардан жасалған						
тақталар мың ш.м.						
Терезелер, екі жар.	8.9	9.3	9.5	9.8	102.1	103.1
малы терезелер мен						
рамалар, есіктер						
мен олардың рамалары						
және ағаштан жасалған						
ернеуліктер мың ш.м.						
Ағаштан жасалған	798	173	180	200	104	111.1
басқа да бұйымдар						
дана						
Қағаздар мен қатыр.						
малар шығару, баспа.						
герлік ісі						
Жарнамалықты қоса	4366	2684	2700	2700	100.6	100
алғанда газеттер						
мың дана						
Химия өнеркәсібі						
Минералдық	7.5	4.1	2.2	16	53.6	в7р
тыңайтқыштар						
мың тонна						
Алғашқы нысандағы	30.75	13.59				
стирол полимері						
тонна						
Полимер негізіндегі	3	2	2	2	100	100
бояулар мен лактар						
тонна						
Натрийдің триполи.	6821	4800	8000	70,4	1.6р	
фосфаты -//-						
Шампундар -//-		118	125		105.9	
Тіс тазалау ұнтағы	452	349	384	430	110	111.9
Басқа да металл емес						
минералдық өнімдерді						
шығару						
Әктас мың тонна	7	3.8	4	4.1	105.2	102.5
Басқа да салалар						

Жиһаз мың дана	0.38	0.09	0.1	0.12	110	120
Электр энергиясын, газды және суды өндіру және үлестіріп бөлу						
Электр энергиясы	2247	2293	2338.5	2525	102	108
млн.кв.сағ.						
Жылу энергиясы мың Гкал	2920	2784	2749	3179	98.7	115.6
Табиғи су мың м.куб	866185	712263	712588	906344	100	127.2

- 1998-1999 жылдардағы мәлімет-деректер облыстық статистика басқармасы бойынша,

2000-2001 ж.ж. көрсеткіштер, кәсіпорындар, жеке және заңды тұлғалар есепке алынып есептелінген.

Нысан 3 ПР

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2001-2005 жылға арналған индикативтік жоспарының жобасы

Құндық өлшемінде өнеркәсіп өнімдерін өндіру Маңғыстау облысы

1999	2000	2000	2001	2002	2003	2004	2005	2005
ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	
есеп баға.	1999	2000	2001	2002	2003	2004	2000	
лау	жылға	жылға	жылға	жылға	жылға	жылға	жыл.	
%	%	%	%	%	%	%	fa	
							%	

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----

Өнеркәсіп өнім.
дерінің (жұмыстар,
қызмет көрсетілі.

сі) көлемі

соның ішінде:

Tay-кен өндіру 93651 158455 121 112 108 102 105 109 136

өнеркәсібі

соның ішінде:

Энергетика үшін 93491 158169 123 112 110 103 108 108 132

материалдар

өндіру

одан:

шикі мұнай мен 88145 156407 117 114 111 106 105 110 135

ілеспе газ өндіру

Мұнай мен газды 3601 3706 103 105 107 104 102 103 105

өндіруге байланысты

қызмет табиғи

(жанармай) газ

өндіру 1745 1862 92 95 104 103 101 102 102

Энергетикаға 160 186 100 96 105 106 104 105 111

арналған мате.

риалдардан басқа,

тау-кен өндіру

өнеркәсібі

Тая-кен өнер. 160 186 100 96 105 106 104 105 111

кәсібінің басқа

да салалары

Өндеп ұқсату 2474 2484 87 105 102 102 101 101 103

өнеркәсібі

одан:

Ауыл шаруашылығы 156 181 100 97 111 111 109 100 118

өнімдерін өндеу

одан:

Тамақ өнімдерін 156 181 100 97 111 111 109 100 118

шығару

Тоқыма және 25 28 97 99 103 102 100 102 106

тігін өнеркәсібі

Тері, теріден бұйым. 26 50 1.2p 96 105 103 104 105 127

дар шығару және

аяқ-киім шығару

Ағаш және ағаштық 30 34 98 95 106 104 102 101 111

бұйымдар шығару

Қағаздар мен қатырма 132 132 86 94 101 101 100 100 101

шығару, баспағерлік

іci

Кок шығару, мұнай
айдай, ядролық
материалдарды
өндіру және өндеу

одан:

Мұнай айдау	0.6	1	94.2	93	101	100	100	100.5	104
Химия өнеркәсібі	691.7	290	42.0	100	120	105	104	102	130
Резина және пласт.	15.1	3	16.5	111	103	109.2	110	102.8	2р
масса бұйымдарын шығару									
Басқа да металл	173.8	288	142.0	134	133	112	108	105	1.5р
емес минералдық өнімдер шығару									
Металлургия өнер.	25.6	35	117.2	101	105	102	101	105	131
кәсібі және металдарды өндеу									
Машиналар мен	364.2	525	124.1	111	103	102	103	109	128
жабдықтар шығару									
Электр және электр.	829.6	916	95.2	89	92	97	98	100	101
tronды жабдықтарды шығару									
Басқа да өнеркәсіп	5.05	2	28.0	101	103	104	102	102	124
салалары									
Электр энергиясын,	7654.9	7862	88.5	99	105	105	105	105	131
газды және суды өндіру және									
үлестіріп бөлу									
соның ішінде:									
Электр энергиясын	4393.7	4500	98.5	100	105	105	105	105	131
өндіру және									
үлестіріп бөлу									
Бумен және ыстық	1419.9	1510	91.7	102	102	102	102	102	123
сүмен жабдықтау									
Суды жинау, тазарту	1790.6	1800	87.0	94	101	103	103	103	113
және үлестіріп бөлу									

2001-2005 жылға арналған индикативтік жоспарының жобасы

Нақтылы өлшемінде өнеркәсіп өнімдерін өндіру
Маңғыстау облысы

Өлшем 1999 ж. 2000 ж. 2000 ж. 2001 ж. 2002 ж.
бірлігі бағалау бағалау 1999 2000 2001
жылға жылға жылға
% % %

1 2 3 4 5 6 7

Тау-кен өндіру

өнеркәсібі

соның ішінде:

шикі мұнай мен млн. тонна 8121.7 9023.7 111.1 115.5 107.4
ілеспелі газ

өндіру

Өндеп үқсату

өнеркәсібі

соның ішінде:

Спорт және мың пар 8.2 18.9 2.3р 102.3 100.8
қорғаныстан

басқа, аяқ-киім

Тіс тазалау тонна 349 384 110.0 112.8 103.4

ұнтағы

Шампундар тонна 58.4 118 2.1р 101.0 100.0

Сыра тыс.дал 48.7 50 102.6 105.0 104.3

Алкоголсыз мың дал 480.5 183 100.5 103.0 102.0
сусындар

Мұнай өнімдерін мың тн. 6.6 7 106.0 106.8 105.4

шығару

Минералдық мың тн. 4.1 2.2 53.6 в 7р в 2.5р
тыңайтқыштар

Натрийдің три. мың тн. 6.8 4.8 70.6 1.5р 1.7р
полифосфаты -/-

Электр энергия. млн. кв. 2293 2338.5 102.0 108.0 105.0
сын өндіру сағ.

таблицаның жалғасы

2003 ж. 2004 ж. 2005 ж. 2005ж.

2002 2003 2004 2000

жылға жылға жылға жылға

% % % %

8 9 10 11

100.8 100.8 101.3 127.8

104.1 101.0 100.0 115.8

102.0 101.1 101.8 117.0

100.8 100.5 100.0 110.5

104.9 102.1 101.0 117.5

101.4 102.2 100.8 109.8

104.0 102.5 101.0 107.8

112.5 2.2р 2р 9р

116.7 1143 106.2 3.5р

105.0 105.0 105.0 131.3

Нысан 1 СР

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының
2001 жылға арналған индикативтік жоспарының жобасы

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің аса маңызды түрлерін өндіру
Манғыстау облысы

Өлшем 1999 2000 2001 Соның ішінде тоқсандар 2001

бірлігі ж. ж. ж. бойынша ж.

есеп баға. болжам _____ 2000

лау I II III IV жылға

%

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Көкөністер мың.тн 2.1 2.1 2.1 - 0.5 0.9 0.7 100.0

өткен кезеңге % % 87.0 100.0 100.0 - 95.0 100.0 100.0 100.0

Мал мен құс 3.9 3.6 3.6 0.4 0.8 1.2 1.2 102.0

(сойыс мың.тн

салмағымен)

өткен кезеңге %	%	101.0	101.0	102.0	102.0	102.0	101.0	101.0	102.1
Сүт	мын.тн	4.4	4.5	4.6	1.0	1.1	1.5	1.0	102.0
өткен кезеңге %	%	108.0	103.0	100.0	100.0	100.0	100.0	100.0	100.0
Жұмыртқа	мын.дана	0.6	0.6	0.6	0.1	0.2	0.2	0.2	100.1
өткен кезеңге %	%	100.0	100.0	100.0	100.0	100.0	100.0	100.0	100.0
Жұн (нақтылы	мын.тн	0.4	0.5	0.5	0.1	0.1	0.1	0.1	104.0
салмағымен)									

өткен кезеңге % % 97.0 101.0 100.0 100.0 100.0 100.0 100.0 100.0

Қаракөл және мын.дана 50.8 39.3 39.5 19.0 20.5 101.0
елтірісі

